

## **"Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 10 қыркүйек N 863. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығына сәйкес экономиканы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін жаңа нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) "Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік корпорациясы мүлігінің құқылы мұрагері болып табылады деп анықталсын.

2. Компания белгіленген тәртіп бойынша бір ай мерзімде Жарғыны қайта тіркейтін болсын.

Компанияның тұратын жері Алматы қаласы болып анықталсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті ұсынған, қосымшаға сәйкес Компанияның құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың, трестердің, бірлестіктер мен кәсіпорындардың тізбесі құпталсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен:

Компанияның құрылтай құжаттарын бекітсін;

Компанияның құрамына енген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын оған беретін болсын;

Компанияның құрамына енетін, бірақ мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінен өтпеген мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін басқару құқығын табыстасын, ал олардың акционерлік қоғамдарға айналуына қарай акциялардың мемлекеттік пакеттерін иеленуді, пайдалану мен басқаруды Компанияға берсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен бірлесіп,

отын-энергетика кешені дамуының ұлттық бағдарламасын әзірлеу мен қалыптастыру кезінде Компанияның өз кәсіпорындарының өндірістік базаларын жаңғырту және техникалық қайта жарактандыру жөніндегі ұсыныстарын қарастыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясының аппаратын орналастыру үшін белгіленген тәртіп бойынша 700 шаршы метр өндірістік алаң бөлу туралы мәселені шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі үстіміздегі

жылы Компанияның өтінімі бойынша қажетін қарастырып, қажетті техникалық құралдармен, телефон және телекс байланысы арналарымен қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергетика объектілерін салу, энергетика жабдықтарын өндіру, монтаждау және ретке келтіру жөніндегі "Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік корпорациясы туралы" 1991 жылғы 12 қарашадағы N 693 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 10 қыркүйектегі  
N 863 қаулысына  
қосымша

"Қазэнергияқұрылысмонтаж" мемлекеттік холдинг  
компаниясының акционерлік қоғамдарының, кәсіпорындары  
мен бірлестіктерінің  
Т І З Б Е С І

"Энергияқұрылыс" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Әкібастұзэнергияқұрылыс" акционерлік қоғамы, Павлодар  
облысының Екібастұз қаласы

"Ортаазияэнергияқорғау" акционерлік қоғамы, Алматы облысының  
Энергетика поселкесі, Іле ауданы

"Электросредазмонтаж" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Энергостройкомплект" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы  
"Ертісгэскұрылыс" акционерлік қоғамы, Семей облысы Жаңасемей ауданының Шульба поселкесі  
"Қапшағай механизация құралдары зауыты" Алматы облысының Қапшағай қаласы  
"Ортаазияэнергияқұрылыс" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы  
"Ортаазияэнергиямонтаж" жалгерлік тресі, Алматы қаласы  
"Целинэлектросетьстрой" өндірістік-шаруашылық қауымдастығы, Ақмола қаласы  
"Алматыэнергияқұрылыс" ұжымдық кәсіпорны, Алматы облысы Қаскелен ауданының Алғабас поселкесі  
"Қызылордаэнергияқұрылыс" ұжымдық кәсіпорны, Қызылорда қаласы  
"Қазцентрэнергострой" тресі, Қарағанды қаласы  
"Ортаазияарнаулыэнергиямонтаж" ұжымдық кәсіпорны, Алматы қаласы  
"Теңізэнергияқұрылыс" жобалау-өндірістік құрылыс бірлестігі, Атырау қаласы  
"Қазэнергияқұрылысиндустрия" өндіріс бірлестігі, Павлодар қаласы  
"Ермак" металлконструкциясы зауыты", Павлодар облысының Ақсу қаласы  
"Алматы қазандық-қосалқы жабдықтар және труба құбырлары зауыты", Алматы қаласы  
Ертіс "Гидроболатконструкция" зауыты, Өскемен қаласы  
"Екібастұзэнергияқұрылысмеханизация" шағын механизация басқармасы, Павлодар облысының Екібастұз қаласы  
"Қазэнергопроект" жобалау институты, Павлодар қаласы  
"Энергияқұрылысжабдықтау" кәсіпорны, Алматы қаласы  
"Павлодар жеңіл конструкциялар зауыты" жалгерлік кәсіпорны, Павлодар қаласы  
"Прииртышский" кеңшары, Павлодар облысының Железинка ауданы  
"Михайлов" кеңшары, Павлодар облысының Железинка ауданы